

# ЛЕНИН ТУЫ

ҚКП СОЛТҮСТІК ҚАЗАҚСТАН ОБЛЫСТЫҚ КОМИТЕТІНІҢ, ЕҢБЕКШІЛЕР ДЕПУТАТТАРЫНЫҢ ОБЛЫСТЫҚ СОВЕТІНІҢ ЖӘНЕ ҚКП ПЕТРОПАВЛ ҚАЛАЛЫҚ КОМИТЕТІНІҢ ГАЗЕТІ

№ 49 (11111) | 1953 жылғы 7 март Сенбі | Шығуына 34 жыл жеке саны 20 тыйың.

## Совет Одағының Коммунистік партиясының Орталық Комитеті пленумының, ССР Одағы Министрлер Советінің, ССР Одағы Жоғарғы Советі Президиумының біріккен мәжлісінің Қ А У Л Ы С Ы

Совет Одағының Коммунистік партиясының Орталық Комитеті, ССР Одағының Министрлер Советі, ССРО Жоғарғы Советінің Президиумы біздің партия мен еліміз үшін осы ауыр уақытта партия мен үкметтің аса маңызды міндеті — елдің бүкіл өміріне іркілссіз және дұрыс басшылықты қамтамасыз ету деп есептейді, ал мұның өзі басшылықтың аса зор ұйымшылдығын, ешқандай бытыраушылық пен үрейге жол берілмеуін, сөйтіп осылай ету арқылы біздің партия мен үкмет жасап берген саясаттың еліміздің ішкі істерінде болсын, сол сыяқты, халықаралық істерінде болсын ойдағыдай жүзеге асырылуын сөзсіз қамтамасыз етуді талап етеді.

Осыны ескере отырып және мемлекет пен партия органдарының жұмысына басшылық етуде ешқандай іркіліске жол бермеу мақсатымен, Совет Одағының Коммунистік партиясының Орталық Комитеті, ССР Одағының Министрлер Советі және ССРО Жоғарғы Советінің Президиумы партиялық және мемлекеттік басшылықты ұйымдастыру жөнінде бірқатар шараларды жүзеге асыру қажет деп таныды.

I.

### ССРО МИНИСТРЛЕР СОВЕТІНІҢ ПРЕДСЕДАТЕЛІ ЖӘНЕ ПРЕДСЕДАТЕЛЬДІҢ БІРІНШІ ОРЫНБАСАРЛАРЫ ТУРАЛЫ

1. ССРО Министрлер Советінің Председатели егін Георгий Максимиланович Маленков жолдас тағайындалсын.
2. ССРО Министрлер Советі Председателинің бірінші орынбасарлары егін Лаврентий Павлович Берия, Вячеслав Михайлович Молотов, Николай Александрович Булганин, Лазарь Моисеевич Каганович жолдасар тағайындалсын.

II.

### ССРО МИНИСТРЛЕР СОВЕТІНІҢ ПРЕЗИДИУМЫ ТУРАЛЫ

1. ССРО Министрлер Советінде екі органның — Президиум мен Президиум Бюросының орнына, бір орган — ССРО Министрлер Советінің Президиумы болуы қажет деп танылды.

VIII.

### МАШИНА ЖАСАУ МИНИСТРЛІГІ ТУРАЛЫ

Автомобиль және трактор өнеркәсіп Министрлігі, машина жасау және аспап жасау Министрлігі, ауылшаруашылық машиналарын жасау Министрлігі және станоктар жасау Министрлігі бір Министрлік — машина жасау Министрлігі болып біріктірілсін.

### МАШИНА ЖАСАУ МИНИСТРІ ТУРАЛЫ

Максим Захарович Сабуров жолдас машина жасау Министрі егін тағайындалсын, ол ССРО Мемлекеттік жоғары Комитетінің Председатели міндетінен босатылсын.

\*\*\*

### ТРАНСПОРТ ЖӘНЕ АУЫР МАШИНАЛАР ЖАСАУ МИНИСТРЛІГІ ТУРАЛЫ

Транспорт машиналарын жасау Министрлігі, көме жасау өнеркәсіп Министрлігі, ауыр машина жасау Министрлігі және құрылыс, жол машиналарын жасау Министрлігі бір Министрлік — транспорт және ауыр машиналар жасау Министрлігі болып біріктірілсін.

### ТРАНСПОРТ ЖӘНЕ АУЫР МАШИНАЛАР ЖАСАУ МИНИСТРІ ТУРАЛЫ

Вячеслав Александрович Малышев жолдас транспорт және ауыр машина жасау Министрі болып тағайындалсын.

\*\*\*

### ЭЛЕКТР СТАНЦИЯЛАРЫ МЕН ЭЛЕКТР ӨНЕРКӘСІП МИНИСТРЛІГІ ТУРАЛЫ

Электр станциялары Министрлігі, электр өнеркәсіп Министрлігі және байланыс құралдары өнеркәсіп Министрлігі

Сталин жолдастың жүрегінің соғуы тоқтады. Лениннің мәңгі жасайтын ісін данышпандықпен алға апарушы — ең ұлы адам қайтыс болды; Коммунистік партия мен совет халқының көсемі және ұстазы қайтыс болды; бүкіл прогресшіл адамзаттың ұлы досы және ұстазы қайтыс болды.

Бұл қайғылы күндерде совет адамдары ауыр қазаны қатты қайғырып, партияның төңірегіне, лениндік-сталиндік Орталық Комитетінің және Совет Үкметінің төңірегіне бұрынғыдан да берік топтасу қажеттігін ерекше айқын түсінеді.

## Иосиф Виссарионович СТАЛИН

### Совет халқы көсеммен қоштасуда

#### Кеше Одақтар Үйінің Колонналы залында

Коммунистік партия, совет халқы, бүкіл дүние жүзінің еңбекшілері аса зор бақытсыздыққа душар болды: Сталин жолдастың жүрегінің соғуы тоқтады. Ең ұлы адам — мәңгі жасайтын Лениннің ісін алға апарушы көмектер қайтыс болды; Коммунистік партия мен совет халқының көсемі және ұстазы қайтыс болды; бүкіл прогресшіл адамзаттың ұлы досы және ұстазы қайтыс болды.

Москва қала жамылды.

И. В. Сталиннің денесі салынған табыт Одақтар Үйінің Колонналы залына қойылды.

Интерлардың хрусталь қара матамен қапталды. Мрамор колонналар онақты туысқан Советтік республикалардың гербтері салынған қызыл матамен оралды. Биік тұғырда, пальмалар мен гүлдер ортасында, қызыл мақпал үстінде И. В. Сталиннің денесі салынған табыт. Бүкіл дүние жүзіне таныс қымбатты пішін сипаты, оны өлім де өзгерте алмаған. Табыттың үстінде: «Барлық елдердің пролетары, біріндер!» деген ұлы ұран жазылған қара жиекті зор Қызыл Ту іліп тұр.

Тұғырдың іргесінде атлас үстінде Совет Одағының Батыры және Социалистік Еңбек Ерінің алтын жұлдыздары жарқырайды. Отанымыз Сталин жолдасты наградтаған ордендер мен медальдар.

Табыт айналасы толған веноктер. Олардың біреуінің қызыл лентасында: «Коммунистік партия мен совет халқының көсемі және ұстазы Иосиф Виссарионович Сталинге, СОКП Орталық Комитеті-

Москва қалалық комитетінен, БКЕЖО Орталық Комитетінен, Кәсіподақтардың Бүкіл Одақтық Орталық Советінен, Москва заводтарының, фабрикаларының және мекемелерінің коллективтерінен, Сталин жолдастың семьясының мүшелерінен келген веноктар.

Күндізгі сағат 4. Колонналы залға кіру басталды.

Совет халқы өзінің қайтыс болған көсемімен қоштасуда. Колонналы залға халық тек-легімен ағылып кіруде. И. В. Сталин жолдастың табыты жанында оның жауынгер серіктері — СОКП Орталық Комитетінің мүшелері, үкмет мүшелері — Г. М. Маленков, Л. П. Берия, В. М. Молотов, Б. Е. Ворошилов, Н. С. Хрущев, Н. А. Булганин, Л. М. Каганович, А. И. Микоян, Н. М. Шверник жолдасар құрметті қарауылда тұр.

Симфониялық оркестрлер Чайковскийдің, Бетховеннің, Шопеннің, Григтің қаралы күйлерін үздіксіз орындауда. Дек-дек халық И. В. Сталин жолдастың табыты зальнан қайғылы, қатулы жүзбен үнемі өтуде. Сталин атындағы заводтың машина жасаушылары, Трехгорканың тоқымашылары, ғалымдар, Совет Армиясы мен Соғыс-Теңіз Флотының жауынгерлері, Москваның мектеп оқушылары және Москва маңының колхозшылары өтуде.

Москва, Отан, бүкіл прогресшіл адамзат И. В. Сталин жолдаспен қоштасуда.

Колонналы залға келген адамдардың жүзінде қайтыс болған көсем және ұстазға деген жалынды сүйіспеншіліктің, зор құрметтің белгілері көрініп тұр. Өздерінің

қайғылы күндерде партия төңірегіне, Лениндік-Сталиндік Орталық Комитет пен Совет Үкметінің төңірегіне бұрынғыдан да берік топтасу қажеттігін ерекше айқын түсінуде, ұлы көсем және ұстаз өзінің бүкіл өмірін жұмсаған іс үшін күреске өздерінің барлық күшін аянабай жұмсауға ерекше берік бел байлауда.

Бұл орасан зор қайғы, аса ауыр бақытсыздық совет халқы оған сайын берік топтастырды және топтастыруда.

Көсемнің табытына өздерінің веноктерін қою үшін астана еңбекшілерінің ондаған делегациялары залға өтуде.

Заводтардың, фабрикалардың партия ұйымдарынан, ғалымдардан, министрліктерден, мекемелерден веноктар әкелінуде.

Құрметті қарауыл әрбір 5 минут сайын ауысауда.

М. З. Сабуров, М. Г. Первухин, М. А. Суевлов, Н. А. Михайлов, П. Е. Пономаренко, С. Д. Игнатъев, А. Б. Аристов, П. Н. Поспелов, Н. Н. Штатин, М. Ф. Шкирятов жолдасар құрметті қарауылға тұрды.

Олардан кейін Москва партия ұйымдарының өкілдері, СОКП Москва облыстық комитеті мен Москва қалалық комитетінің басшылары тұрды.

Талай замандар мен ғасырлардың асқан ұлы қолбасшысының, Отанымызды дүниежүзілік екінші соғыста фашизмді талқандаудың бүкіл дүниежүзілік-тарихи аса ұлы жеңісіне бастап жеткізген Совет Одағы Генералиссимусының табыты жанында құрметті қарауылға сталиндік маршалдар — Василевский, Соболевский, Буден-

2. ССРО Министрлер Советі Президиумының құрамына — ССРО Министрлер Советінің Председателі және ССРО Министрлер Советі Председателінің бірінші орынбасарлары кіретін болып белгіленсін.

### III.

#### ССРО ЖОҒАРҒЫ СОВЕТІ ПРЕЗИДИУМЫНЫҢ ПРЕДСЕДАТЕЛІ ТУРАЛЫ

ССРО Жоғарғы Советі Президиумының Председательдігіне Клименть Ефремович Ворошилов жолдас ұсынылсын, Николаи Михайлович Шверник жолдас бұл міндеттен босатылсын.

\*\*\*

#### ССРО ЖОҒАРҒЫ СОВЕТІ ПРЕЗИДИУМЫНЫҢ СЕКРЕТАРЫ ТУРАЛЫ

1. ССРО Жоғарғы Советі Президиумының Секретары етіп Николай Михайлович Пегов жолдас тағайындалсын, ол СОКП Орталық Комитетінің секретары міндетінен босатылсын.

2. ССРО Жоғарғы Советі Президиумының кәзіргі Секретары Александр Федорович Горкин жолдас ССРО Жоғарғы Советінің Президиумы Секретарының орынбасары етіп тағайындалсын.

### IV.

#### ССРО ІШКІ ІСТЕР МИНИСТРЛІГІ ТУРАЛЫ

ССРО Мемлекеттік хауіпсіздік Министрлігі мен ССРО Ішкі Істер Министрлігі бір Министрлік — ССРО Ішкі Істер Министрлігі болып біріктірілсін.

#### ССРО ІШКІ ІСТЕР МИНИСТРІ ТУРАЛЫ

ССРО Ішкі Істер Министрі етіп Лаврентий Павлович Берия жолдас тағайындалсын.

### V.

#### ССРО СЫРТҚЫ ІСТЕР МИНИСТРІ ЖӘНЕ МИНИСТРДІҢ ОРЫНБАСАРЛАРЫ ТУРАЛЫ

1. Вячеслав Михайлович Молотов жолдас ССРО Сыртқы Істер Министрі етіп тағайындалсын.

2. ССРО Сыртқы Істер Министрінің бірінші орынбасары етіп Андрей Януарьевич Вышинский және Яков Александрович Малин жолдас тағайындалсын.

3. Василий Васильевич Кузнецов жолдас ССРО Сыртқы Істер Министрінің орынбасары етіп тағайындалсын.

4. Андрей Януарьевич Вышинский жолдас ССРО-ның БҰҰ-дағы тұрақты өкілі етіп тағайындалсын.

### VI.

#### ССРО СОҒЫС МИНИСТРІ ЖӘНЕ СОҒЫС МИНИСТРІНІҢ БІРІНШІ ОРЫНБАСАРЛАРЫ ТУРАЛЫ

1. Совет Одағының Маршалы Николай Александрович Булганин жолдас ССРО Соғыс Министрі етіп тағайындалсын.

2. ССРО Соғыс Министрінің бірінші орынбасарлары етіп Совет Одағының Маршалы Александр Михайлович Васильевский жолдас, Совет Одағының Маршалы Георгий Константинович Жуков жолдас тағайындалсын.

### VII.

#### ІШКІ ЖӘНЕ СЫРТҚЫ САУДА МИНИСТРЛІГІ ТУРАЛЫ

ССРО сыртқы сауда Министрлігі мен ішкі сауда Министрлігі бір Министрлік — ССРО ішкі және сыртқы сауда Министрлігі болып біріктірілсін.

#### ССРО ІШКІ ЖӘНЕ СЫРТҚЫ САУДА МИНИСТРІ ЖӘНЕ МИНИСТРДІҢ ОРЫНБАСАРЛАРЫ ТУРАЛЫ

1. Анастас Иванович Миноян жолдас ССРО ішкі және сыртқы сауда Министрі етіп тағайындалсын.

2. ССРО ішкі және сыртқы сауда Министрінің бірінші орынбасары етіп Иван Григорьевич Кабанов жолдас және Министрдің орынбасарлары етіп Павел Николаевич Кумынин және Василий Гаврилович Жавсронков жолдас тағайындалсын.

*Совет Одағы Коммунистік партиясының Орталық Комитеті*

*ССРО Одағының Жоғарғы Советінің Президиумы*

бір Министрлік — электр станциялары мен электр өнеркәсіп Министрлігі болып біріктірілсін.

#### ЭЛЕКТР СТАНЦИЯЛАРЫ МЕН ЭЛЕКТР ӨНЕРКӘСІП МИНИСТРІ ТУРАЛЫ

Михаил Георгиевич Первухин жолдас электр станциялары мен электр өнеркәсіп Министрі етіп тағайындалсын.

### IX.

#### ССРО МЕМЛЕКЕТТІК ЖОСПАРЛАУ КОМИТЕТІНІҢ ПРЕДСЕДАТЕЛІ ТУРАЛЫ

ССРО Мемлекеттік жоспарлау Комитетінің Председателі етіп Григорий Петрович Косяченко жолдас тағайындалсын.

### X.

#### КӘСІПОДАҚТАРДЫҢ БҮКІЛОДАҚТЫҚ ОРТАЛЫҚ СОВЕТІНІҢ ПРЕДСЕДАТЕЛІ ТУРАЛЫ

Николай Михайлович Шверник жолдас Кәсіподақтардың Бүкілодақтық Орталық Советінің Председательдігіне ұсынылсын, Василий Васильевич Кузнецов жолдас бұл міндеттен босатылсын.

### XI.

#### СОКП ОРТАЛЫҚ КОМИТЕТІНІҢ ПРЕЗИДИУМЫ ЖӘНЕ СОКП ОРТАЛЫҚ КОМИТЕТІНІҢ СЕКРЕТАРЛАРЫ ТУРАЛЫ

1. СОКП Орталық Комитетінде Орталық Комитеттің екі органының — Президиум мен Президиум Бюросының орнына, партияның Уставында белгіленгеніндей, бір орган — СОКП Орталық Комитетінің Президиумы болу қажет деп табылсын.

2. Негүрлым жедел басшылық ету мақсатымен, Президиумының сан құрамы 10 мүше және 4 кандидат болып белгіленсін.

3. СОКП Орталық Комитеті Президиумының мынадай құрамы бекітілсін:

Орталық Комитет Президиумының мүшелері Г. М. Маленков, Л. П. Берия, В. М. Молотов, Н. Е. Ворошилов, Н. С. Хрущев, Н. А. Булганин, Л. М. Каганович, А. И. Микоян, М. З. Сабуров, М. Г. Первухин жолдас тағайындалсын.

СОКП Орталық Комитеті Президиумының мүшелігіне кандидаттар — Н. М. Шверник, П. К. Пономаренко, Л. Г. Мельников, М. Д. Багиров жолдас тағайындалсын.

4. СОКП Орталық Комитетінің секретарлары болып С. Д. Игнатьев, П. Н. Поспелов, Н. Н. Шаталин жолдас тағайындалсын.

5. Н. С. Хрущев жолдас ССРО Орталық Комитетіндегі жұмыспен шұғылдануы қажет деп табылсын, осыған байланысты ол СОКП Москва Комитетінің бірінші секретарының міндетінен босатылсын.

6. СОКП Орталық Комитетінің секретары Н. А. Михайлов жолдас СОКП Москва Комитетінің бірінші секретары болып бекітілсін.

7. П. К. Пономаренко және Н. Г. Игнатов жолдас ССРО Министрлер Советінде басшы жұмысқа ауысуына байланысты және Л. И. Брежнев жолдас Соғыс-Теніз Министрлігінің саяси басқармасының бастығы болып ауысуына байланысты, бұлар СОКП Орталық Комитеті секретарларының міндетінен босатылсын.

### XII.

#### ССРО ЖОҒАРҒЫ СОВЕТІНІҢ ТӨРТІНШІ СЕССИЯСЫН ШАҚЫРУ ТУРАЛЫ

СОКП Орталық Комитеті, ССРО Одағының Министрлер Советі және ССРО Жоғарғы Советінің Президиумы Пленумының біріккен мәжілісінің ССРО Жоғарғы Советінің бекітуіне жататын қарарларын қаулау үшін 1953 жылғы 14 мартта Москва қаласында ССРО Жоғарғы Советінің төртінші сессиясы шақырылсын.

*ССРО Одағының Министрлер Советі*

мен» деп жазылған.

Сол жерде ССРО Министрлер Советінен, ССРО Жоғарғы Советінің Президиумынан, СОКП Москва облыстық Комитеті мен

жүректөрінде жолдас тағайындалсын, олардың барлық назары қымбатты Сталиндік келбетке аударылуда. Ауыр қаза жанына қатты батқан совет адамдары бұл

ның, Говоров, Волков, Гавриленко туралы Бүкіл көш бойына, түн ортасына дейін лек-лек халық Колонналы залға ағылып келуде.

## Иосиф Виссарионович СТАЛИННІҢ денесі салынған саркофагті қоятын орын туралы Совет Одағының Коммунистік Партиясының Орталық Комитеті мен ССР Одағының Министрлер Советінің Қ А У Л Ы С Ы

Совет Одағының Коммунистік партиясының Орталық Комитеті мен ССР Одағының Министрлер Советі қаулы етеді:

И. В. СТАЛИННІҢ денесі салынған саркофаг Қызыл алаңдағы Мавзолейге, В. И. Лениннің саркофагімен қатар қойыласын.

СОКП ОРТАЛЫҚ КОМИТЕТІ

ССР ОДАҒЫНЫҢ МИНИСТРЛЕР СОВЕТІ

## Совет елінің ұлы адамдарының мәңгілік даңқының ескерткіші — Пантеон салу туралы Совет Одағының Коммунистік партиясының Орталық Комитеті мен Совет Одағы Министрлер Советінің Қ А У Л Ы С Ы

Совет Одағының Коммунистік партиясының Орталық Комитеті мен ССРО Министрлер Советі қаулы етеді:

елінің ұлы адамдарының мәңгілік даңқының ескерткіші салынсын.

Ұлы көсемдеріміз Владимир Ильич Ленин мен Иосиф Виссарионович Сталиннің, сонымен қатар Коммунистік партия мен Совет мемлекетінің Қызыл алаңдағы Кремль қабырғасына жерленген аса көрнекті қайраткерлерінің есімдерін мәңгі есте қалдыру мақсатымен, Москвада монумент үй — Пантеон — совет

Пантеонның құрылысы біткеннен кейін В. И. Лениннің денесі салынған саркофаг пен И. В. Сталиннің денесі салынған саркофаг мен Совет мемлекетінің Кремль қабырғасына жерленген аса көрнекті қайраткерлерінің сүйектері сонда апарып қойылып, Пантеон еңбекшілердің қалың бұқарасының барып тұруына ашық болсын.

СОКП ОРТАЛЫҚ КОМИТЕТІ

ССР ОДАҒЫНЫҢ МИНИСТРЛЕР СОВЕТІ

## Совет Одағының Коммунистік партиясының Орталық Комитеті мен ССР Одағы Министрлер Советінің Қ А У Л Ы С Ы

Совет Одағының Коммунистік партиясының Орталық Комитеті мен ССР Одағының Министрлер Советі қаулы етеді:

луына байланысты, 1953 жылғы 6,7,8 және 9 март күндері бүкіл елде қаралы күндер деп жариялансын.

ССР Одағы Министрлер Советінің Председателі және Совет Одағының Коммунистік партиясының Орталық Комитетінің секретары ИОСИФ ВИССАРИОНОВИЧ СТАЛИННІҢ қайтыс бо-

Бұл күндерде барлық спектакльдер, кино, концерттер және қандай болса да сауықтар өткізілмейтін болсын.

СОВЕТ ОДАҒЫНЫҢ КОММУНИСТІК ПАРТИЯСЫНЫҢ ОРТАЛЫҚ КОМИТЕТІ

ССР ОДАҒЫНЫҢ МИНИСТРЛЕР СОВЕТІ

Советтік Социалистік Республикалар Одағының Министрлер Советінің Председателі және Совет Одағының Коммунистік партиясының Орталық Комитетінің секретары

## Иосиф Виссарионович Сталинді жерлеуді ұйымдастыру жөніндегі Комиссиядан

Иосиф Виссарионович Сталиннің денесі салынған табыт Одақтар Үйінің Колонналы залына қойылған.

Одақтар Үйінің Колонналы залы 6 март күнгі сағат 4-тен бастап ашық.

## Сталин жолдасты жерлеуді ұйымдастыру жөніндегі Комиссиядан

ССР Одағы Министрлер Советінің Председателі және Совет Одағының Коммунистік партиясының Орталық Комитетінің секретары ИОСИФ ВИССАРИОНОВИЧ СТАЛИН осы жылғы дүйсеңбі күні, 9 мартта, күндізгі сағат 12-де жерленеді.

СТАЛИН жолдасты жерлеуді ұйымдастыру жөніндегі Комиссия барлық ұйымдарға мынаны хабарлайды: Одақтар Үйінің Колонналы залы таңертеңгі сағат 6-дан түнгі сағат 2-ге дейін ашық.

# Иосиф Виссарионович СТАЛИН

Совет Одағының Коммунистік партиясының Орталық Комитетіне  
ССР Одағының Министрлер Советіне  
ССРО Жоғарғы Советінің Президиумына

РСФСР Министрлер Советі мен Жоғарғы Советінің Президиумы барлық совет халқымен бірге біздің партиямыз бен еліміз душар болған аса ауыр қазаға — И. В. СТАЛИН жолдастың қайтыс болуына қатты қайғырады.

Коммунистік партия мен совет халқының ұлы көсемі және ұстазы, Лениннің серігі және оның ісін данышпандықпен алға апарушы, совет мемлекетінің ұйымдастырушысы және кеменгер басшысы — ИОСИФ ВИССАРИОНОВИЧ СТАЛИННИҢ мәңгі жасайтын есімі совет халқы мен бүкіл дүние жүзі еңбекшілерінің жүрегінде мәңгі өмір сүреді.

РСФСР МИНИСТРЛЕР  
СОВЕТИ

6 март, 1953 жыл.

РСФСР Министрлер Советі мен Жоғарғы Советінің Президиумы Коммунистік партияның Орталық Комитетін, ССР Одағының Министрлер Советін және ССРО Жоғарғы Советінің Президиумын Россия Федерациясының еңбекшілері, еліміздің барлық халықтары сыяқты бұл қайғылы күндерде Коммунистік партияның Сталиндік Орталық Комитеті мен Совет Үкметінің төңірегіне туысқан ұлы семьяда бұрынғыдан да тығыз топтасады, бірлік пен топтасқандық, рух беріктігі, қырағылық көрсетеді; сойтіп, елімізде коммунизм орнату жөніндегі жігерін арттыра түседі деп сендіреді.

РСФСР ЖОҒАРҒЫ СОВЕТИНІҢ  
ПРЕЗИДИУМЫ

## Мәңгі есімізде сақтаймыз

Облыстық байланыс басқармасының үйіне қаралы жалаулар ілінген. Оның үлкен залына облыстық байланыс басқармасы мен қалалық байланыс бөлімінің қызметкерлері мен жұмысшылары СОКП Орталық Комитетінің Секретары және ССРО Министрлер Советінің Председателі Иосиф Виссарионович Сталин жолдастың қайтыс болуына арналған қаралы митингіге жыйналды. Бәрі де қорғасындай биеқан ауыр қайғыда. Бәрі де залдың төрінде ілулі тұрған қара-қызыл аралас ленталармен көмкерілген Сталин жолдастың әскери формадағы суретіне зор ынтамен көздеріне жас ала, қадала қарайды. Тіпті жақында ғана арамызға жүрген ақылшымыз, ұлы данамыз қайтыс болды деген сөзге сенгісі келмейді.

Бешкі сағат 6. Қаралы митингіні облыстық байланыс басқармасы партия ұйымының секретары Стабровский жолдас ашты. Қалалық байланыс бөлімі партия ұйымының секретары Малышев жолдас СОКП Орталық Комитетінің, ССРО Министрлер Советінің және ССРО Жоғарғы Советі Президиумының Сталин жолдастың қайтыс болуы туралы хабарын оқыды.

Сөз алып сөйлеген байланыс бөлімінің стахановшысы Трусова жолдас:

Өзінің жарқын өмірін коммунизмнің ұлы ісіне арнаған, Ленинмен бірге дүние жүзінде алғаш рет Совет өкметін орнатқан, бізді — совет адамдарын бақыты шат тұрмысқа бөлеген сүйікті көсеміміз, жауынгер досымыз, қамқоршы әкеміз Иосиф Виссарионович Сталиннің арамыздан көтті дегеніне сенгім келмейді. Бұл ауыр күндерде совет халқы өздерінің творчестволық күшін еселеп арттырып, қырағылықты күшейтіп, ұйымшылдықпен Орталық Комитет пен Совет Үкметінің төңірегіне бұрынғыдан да берік топтасады, деді.

Митингіге қатысушылар СОКП Орталық Комитетінің, ССРО Министрлер Советінің және ССРО Жоғарғы Советінің Президиумы атына хат жазып, өздерінің бүкіл совет халқы сыяқты И. В. Сталин жолдастың мезгілсіз қайтыс болғаны жөнінде қайғыларын біздікі және екі-үш есе қажырлылықпен еңбек етіп, байланыс жұмыстарын онан әрі жақсарту жөнінде міндеттемелер алды.

## Отанымыздың тәуелсіздігі мен қуаттылығы — Ленин — Сталин партиясының басшылығында

А. И. Микоян атындағы ет-кәпсерві комбинатының клубы. Клубқа мыңнан астам жұмысшылар мен инженер-техник қызметкерлер жыйналған. Совет Одағы Коммунистік партиясы Орталық Комитетінің секретары, ССРО Министрлер Советінің Председателі Иосиф Виссарионович Сталин жолдастың ауыр науқастан кейін мезгілсіз қайтыс болғаны туралы қазалы хабар әрбір совет адамның көсемімізге шексіз берілген жүрегіне ауыр қайғы-түсіргендігі өркімінің жүзінен айқын көрінуде.

Қаралы митингіні партия ұйымының секретары Ануфриев жолдас ашты. Митингіге қатысқандар барлығы орындарынан тұрып, жарқын бейнесі өмірі есімізден кетпес көсеміміз Иосиф Виссарионович Сталинге құрмет көрсетті.

Иосиф Виссарионович Сталин жолдастың қайтыс болғаны туралы Совет Одағы Коммунистік партиясы Орталық Комитетінің, ССРО Министрлер Советінің және ССРО Жоғарғы Советі Президиумының партияға, совет халқына арнаған хабарын КБП облыстық комитетінің бюро мүшесі Г. Максимов жолдас оқып естіртті.

Митингіде бірінші болып комбинаттың стахановшы слесарі Бородавко жолдас сөйледі.

—1953 жылы 5 мартта көшкі 9 сағат 50 минутта ССРО Министрлер Советінің Председателі, Совет Одағы Коммунистік партиясы Орталық Комитетінің секретары біздің сүйікті көсеміміз, ең жақын досымыз, данышпан ұстазымыз Иосиф Виссарионович Сталиннің жүрек соғуы тоқталды. Бұл біздің даңқты партиямыз үшін, біздің ұлы халқымыз үшін, бүкіл дүние жүзіндегі революциялық жұмысшы табының қозғалысы үшін, бейбітшілікті аңсап, сол үшін ұйымшылдықпен, табандылықпен соғыс өртіп тұтандырушыларға қарсы күресін отырған адал ишетті адамдардың барлығы үшін ең ауыр қаза болып табылады.

Жасынан пролетариат революциясының ісіне шексіз берілгендігімен, өзінің болаты берік мойынас еркімен еңбекші халықтың сүйіспеншілігіне бөленген Сталин

жолдас Ленинмен бірге еңбекшілерді буржуазиялық қоғамның төлкісінен азат ету жолындағы күреске өзінің барлық тамаша өмірін арнады. Сталин жолдас Владимир Ильич Ленинмен бірге коммунистердің даңқты партиясын ұйымдастырып, оны таптық шайқастарда шынықтырды.

Мәңгі ұмытылмас досымыз Сталин жолдас ұлы Ленинмен бірге Ұлы Октябрь Социалистік революциясын жасап, адамзат баласының тарихында алғашқы рет жұмысшылар мен еңбекші шаруалардың мемлекетін — Совет мемлекетін орнатып, оны нығайтты.

Коммунистік партия мен совет халқы Сталин жолдастың данышпандық басшылығы арқасында дүниежүзі империалистері жасақтаған герман фашизмі мен жапон империализмінің Ұлы Отан соғысында талқандалып, адамзат баласын үлкен апаттан құтқарды, Европа мен Азияның 600 миллионнан астам халықтарын шетел жыртықшыларының құлдығынан азат етті. Осы табыстарымыздың барлығы үшін партия мен үлкен алдында, сүйікті көсеміміз Сталин жолдастың аруағы алдында біз өзімізді үлкен борыштымыз деп есептейміз.

Еліміз душар болған осы қайғылы күндер үстінде біз, совет адамдары, жеңістерімізді ұйымдастырушы және оған дем беруші өзіміздің туысқан партиямызға және Совет үкметіне революциялық қырағылықты бұрынғыдан да күшейтіп, еңбек өнімділігін еселеген қарқынмен арттыра беруге ант етеміз.

Мұнан кейін сөйлеген ет сылушы Имам жолдас толқын тұрып, былай деді:

—Сүйікті көсеміміз Сталин жолдастың мезгілсіз қайтыс болғандығы барлық совет адамдарына қатты батуды. Бірақ, Сталин жолдас басшылық еткен, Сталин жолдас рухтандырған іс — біздің елімізде коммунизмнің салтанат құруын қамтамасыз ету ісі мұнан былайда талай сындардан өткен Совет Одағы Коммунистік партиясының басшылығымен ілгері дамып беретін болады. Коммунистік партияда еңбекші халықтың тілегінен басқа бөтен тілектің жоқ

екендігіне совет халқының көзі жеткен. Сондықтан біздің халқымыз Ленин мен Сталин ұйымдастырып, шыңдаған Коммунистік партияның ішкі және сыртқы саясатын толық қолдап, партия мен үкметіміздің төңірегіне бұрынғыдан да берік топтанса түседі. Өйткені, біздің Отанымыздың экономикалық қуаты мен отан қорғапназдық қаблеті, оның тәуелсіздігі мен бостандығы Совет Одағы Коммунистік партиясының сара басшылығында.

Біздің комбинат коллективі өзінің қажырлы еңбегімен сталиндік бесінші бесжылдықты мерзімінен бұрын орындау күресіне көлемді үлес қосу үшін социалистік жарысты бұрынғыдан да күшейте беретін болады.

Елімізде коммунизм орнату ісіне, дүниежүзінде бейбітшілік пен демократияның социализмнің жеңетіндігіне біздің сеніміміз зор. Өйткені, жеңістерді ұйымдастыра білетін, болашақты болжай білетін біздің Коммунистік партиямыз бар, өйткені, біздің еліміздің социализмнен коммунизмге өту жолдарын Сталин жолдас өзінің соңғы «ССРО-да социализмнің экономикалық проблемалары» деген еңбегінде айқын көрсетіп, коммунистік қоғамның программасын сызып берді.

Мінбеді ет-порция цехының стахановшысы Әбдіхалықов.

—Көсеміміз және досымыз сүйікті Сталиннің мезгілсіз қайтыс болуы туралы хабар біздің жүрегімізді зор қайғыға толтырды. Бірақ ұлы Сталиннің сызып берген жолымен үнемі алға өрлеп, еліміздің экономикалық қуатын арттыра беру үшін біз екі есе, үш есе қарқынмен еңбек өнімділігін арттыра береміз.

Біздің халқымыз бен партиямыздың ісі адал, әділ. Оны бүкіл дүние жүзінің еңбекші адам баласы қолдап отыр.

Мен бүкіл комбинат коллективін Ленин — Сталин партиясының төңірегіне бұрынғыдан да берік топтанса беруге және барлық жігер-қайратты елімізде коммунизм орнату ісіне толық жұмылдыруға шақырамын.

## ССРО Соғыс Министрлігінен

ССР Одағының Министрлер Советінің Председателі және Совет Одағының Коммунистік партиясының Орталық Комитетінің секретары, Коммунистік партия мен совет халқының кеменгер көсемі және ұстазы, асқан ұлы қолбасшы — Совет Одағының Генералиссимусы Иосиф Виссарионович СТАЛИННИҢ қайтыс болуына байланысты, бүкіл совет халқымен бірге, Совет Армиясының солдаттары, сержанттары, офицерлері және генералдары аса қатты қайғыруда.

Совет Армиясының бүкіл қаһармандық тарихы СТАЛИН жолдастың есімімен байланысты.

Совет жауынгерлері СТАЛИН жолдастың данышпандық басшылығымен даңқты жауынгерлік жолдан өтті, мәңгі өшпейтін ерлік істер жасады, Отанымыздың жауларын шеберлікпен және ержүректілікпен талқандап отырды.

## ССР Одағының Соғыс-Теңіз Министрлігінен

ССР Одағы Соғыс-Теңіз Күштерінің командирлері, командирлері, старшиналары,

Азамат соғысы дәуірінде және Ұлы Отан соғысының сұрапыл ұрыс сыңарында Отанымыздың бостандығы мен тәуелсіздігі үшін болған кескілескен ұрыстарда СТАЛИН жолдастың қолбасшылық данышпандығы Советтік Армиямызды жеңістен жеңіске бағыттап отырды.

Бұл қайғылы күндерде Совет Армиясы өзінің сүйікті көсемінің және қолбасшысының табыты алдына өзінің жауынгерлік туын иеді.

Коммунистік партия мен Совет Үкметінің басшылығы арқасында Совет Армиясы ұлы СТАЛИННИҢ өсиеттерін қасиетпен орындап, өзінің жауынгерлік қуатын барынша нығайта береді және ССРО-ның мемлекеттік мүдделерін қырағылықпен күзетеді.

Ұлы Сталиннің мәңгі жасайтын есімі Совет Армиясы жауынгерлерінің жүрегінде мәңгі өмір сүреді.

лығы, өзінің бүкіл өмірін халыққа шексіз қызмет етуге жұмсаған Иосиф Висса-

Нәц комбинатындағы қаралы митинг

сержанттары, офицерлері, адмиралдары және генералдары партиямыздың, совет халқының және оның Қарулы Күштерінің арасында зор қайғыға ұшырағанын — осы жылғы 5 мартта ССР Одағы Министрлер Советінің Председателі және СОКП Орталық Комитетінің секретары, совет халқының сүйікті көсемі және ұстазы, Совет Армиясы мен Соғыс-Теніз Флотының ұйымдастырушысы, данышпан қолбасшы, Совет Одағының Генералиссимусы Иосиф Виссарионович СТАЛИН жолдастың мезгілсіз қайтыс болғанын қатты қайғырып, естіді.

Соғыс-Теніз Күштерінің корабльдері мен бөлімдері В. И. Лениннің досы және серігі, онымен бірге қуатты Коммунистік партия мен Совет мемлекетін құрған, Лениннің мәңгілік ісін данышпандықпен алға апарушы, коммунизмнің ұлы құрылыс-

рионович СТАЛИН жолдастың қолбасшылық данышпандығының мәңгі өшпес данқына бөленген жауынгерлік тударын неді.

Әскери теңізшілер өз қатарларымызды Коммунистік партияның Орталық Комитеті мен Совет Одағының Үкметі төңірігіне бұрынғыдан да тығыз топтастырамыз деп, Соғыс-Теніз Флотының жауынгерлік қуатын талмай нығайта беру, Отанымыздың теңіз шентерінің және жеңімпаз Ленин — Сталин туы астында коммунизм орнатып жатқан совет халқының бейбіт өңбегінің күзетінде қырағы тұру жөнінде СТАЛИН жолдастың өсиетін ақырына дейін және аброймен орындаймыз деп, И. В. СТАЛИННИҢ табыты алдында еерт береді.

СТАЛИН жолдастың мәңгі жасайтын есімі совет халқы мен оның жауынгерлерінің жүрегінде мәңгі өмір сүреді.

## И. В. СТАЛИННИҢ денесін патологиялық-анатомиялық жағынан зерттеу

Патологиялық-анатомиялық зерттеуде мыйдың сол жақ жартысының қабыршағы астындағы түйіндер саласында ірі қан құйылған жер табылды. Бұл қан құйылымы мыйдың маңызды салаларын бұлдіріп, тыныс пен қан айналысының даусыз бұзылуын туғызған. Мыйға қан құйылуымен бірге, жүректің сол жақ қалтасында едәуір гипертрофия, жүрек өтіне, қарын мен іштің ішкі меңдеріне көптеген қан құйғандығы, тамырларда артеросклероздық өзгерістер болғандығы, бұл өзгерістер мыйдың күре тамырларында неғұрлым күшті болғандығы анықтал-

ды. Бұл процестер гипертониялық аурудың салдарынан болған.

Патологиялық-анатомиялық зерттеудің нәтижелері И. В. Сталинді емдеген профессор-дәрігерлердің қойған диагнозын толық дәлелдейді.

Патологиялық-анатомиялық зерттеудің мәліметтері И. В. Сталиннің ауруы мыйға қан құйылған кезден бастап даусыз болғандығын анықтады. Сондықтан емдеу жөнінде қолданылған батыл шаралар дұрыс нәтиже бере алмады, ажалға ара тұра алмады.

ССРО Денсаулық сақтау Министрі А. Ф. ТРЕТЬЯКОВ

Кремльдің Емдеу-санитариялық басқармасының бастығы И. И. КУПЕРИН

ССРО Медициналық Ғылым академиясының Президенті академик Н. Н. АНИЧКОВ

ССРО медициналық Ғылым академиясының толық мүшесі профессор Н. А. СКВОРЦОВ

ССРО медициналық Ғылым академиясының мүше-корреспонденті профессор А. И. СТРУКОВ

ССРО медициналық Ғылым академиясының мүше-корреспонденті профессор С. Р. МАРДАШЕВ

ССРО Денсаулық сақтау Министрлігінің бас патолог-анатомы профессор Б. И. МИГУНОВ

Профессор А. В. РУСАКОВ

Доцент В. Н. УСКОВ

## Еңбекшілер депутаттары Москва Советінің атқару комитетінен

ССР Одағының Министрлер Советінің Председателі және Совет Одағының Коммунистік партиясының Орталық Комитетінің секретары ИОСИФ ВИССАРИОНОВИЧ СТАЛИННИҢ қайтыс болуына байланысты, Москва Советінің атқару комитеті Москва-

да осы жылғы 6,7,8 және 9 март күндері қаралы күндер деп жариялайды және бұл күндері Москвада спектакльдер, кино-сезіпестер, концерттер және басқа шаралары болмайтындығын хабарлайды.

МОСКВА СОВЕТИНІҢ АТҚАРУ КОМИТЕТИ

Москва, 6 март, 1953 жыл.

РЕДАКЦИЯ МЕН ОБЛЫСТЫҚ ГАЗЕТТЕР

партия және ауылшаруашылық бөлімдері

БАСПАСЫНЫҢ

—2-36, өнеркәсіп-транспорт және тілшілер бөлімдері

АДРЕС: Қазақ ССР, Петропавл қаласы, Петренев көшесі, 92-үй.

ТЕЛЕФОНДАР: редактор —1-86, редактордың орынбасары — 1-59, секретариат —1-33,

бюросы —4-39, Газет баспасы —5-53 газет табыс етілмесе —1-19 телефон арқылы сөйлесуге болады.

корректорлар

бюросы —4-39, Газет баспасы —5-53 газет табыс етілмесе —1-19 телефон арқылы сөйлесуге болады.

Бұл ауыр қайғылы күндерде облыстық байланыс басқармасы мен қалалық байланыс бөлімінің қызметкерлері мен жұмысшылары бірауыздан былай дейді:

Қаралаймыз доғамыз Иосиф Виссарионович Сталиннің жарқын бейнесін мәңгі ұмытпай есте сақтаймыз. Ұлы Сталиннің есімі бізді—балды бейбітшілік пен коммунистік қоғам құру үшін күресіп жатқан совет халқын, творчестволық жұмысымызда жігерлендіре түседі, бізге рух береді.

## ШЫН ЖҮРЕКТЕН

«Комсомолка» тігін фабрикасының 200-ден астам жұмысшылары мен инженер-техник қызметкерлері және қызметшілері ССРО Министрлер Советінің Председателі, СОКП Орталық Комитетінің Секретары Иосиф Виссарионович Сталин жолдастың қазалы болуына арналған қаралы митингіге қатысты. СОКП Орталық Комитетінің, ССРО Министрлер Советінің және ССРО Жоғарғы Советі Президиумының барлық партия мүшелеріне, еліміздің барлық еңбекшілеріне жазған хабарын фабрика директоры Ермолин жолдас оқып шықты.

№ 1 цех комсомол ұйымының секретары Кимосова жолдас митингіде сөз алып сөйлеп, былай деді:

—Біздің жастарымыз өзінің ең сүйікті досы, ұстазы, әкесі, ұлы қамқоршысы Сталин жолдасан айрылғандығына қатты қайғырады. Бұл қаза совет еңбекшілерімен бірге, бүкіл дүние жүзінің прогресшіл адамзаты үшін орны толмайтын ауыр қаза.

—Лениннің ең жақын серігі, Лениннің ісін алға апарушы, Коммунистік партия мен совет халқының ұлы көсемі, данышпан —Иосиф Виссарионович Сталин жолдастың, —деді стахановшы Шеселова жолдас, —қазалы болуы біздер үшін ең ауыр қаза болып есептеледі. Біз Сталин жолдасты қайғыра отырып, Советтер Одағы Коммунистік партиясының төңірігіне бұрынғыдан да берік топтаса түсеміз. Сөйтіп, елімізде коммунистік қоғам орнату күресінде қажырлылықпен еңбек етеміз. Мен март айындағы айлық жұмыс тапсырманы 140 процент орындауға міндеттенемін.

—Сталин жолдастың есіміне, —деді № 2 цехтың бастығы Панин жолдас, — біздің барлық өміріміз тығыз байланысты. Өйткені, Ленинмен бірге Сталин жолдас Совет өкметін орнатып, елімізді жеңістен жеңіске, табыстан-табысқа жеткізіп отырды. Біз жұмыстың қай саласында болса да еңбек өнімділігін еселеп арттырамыз. Осы мақсатпен цех коллективі төқсандық тапсырманы мерзімінен бұрын орындауға міндеттенеді.

Қаралы митингіге қатысушылар фабрика бойынша март айының өндірістік тапсырмасын 26 мартқа дейін орындауға міндеттенді. Сөйтіп, коллектив Иосиф Виссарионович Сталин жолдас шын жүректен сүйіспеншіліктерін білдірді.

ССРО Министрлер Советінің Председателі Совет Одағы Коммунистік партиясы Орталық Комитетінің Секретары Иосиф Виссарионович Сталин жолдастың қайтыс болғаны туралы қайғылы хабар бүкіл еліміздің еңбекшілерімен бірге қала еңбекшілерінің де жүрегін қатты төрбейтті.

Бөшегі күні қаламыздың әрбір өнеркәсіп орнында, мекемесінде халқымыздың сүйікті ұлы атам —Сталин жолдастың қазалы болуына арналған қаралы митингілер болды.

Бұл күні нан комбинатының әрбір цехінде қаралы жалғу және бүкіл прогресшіл адамзаттың данышпаны, көсемі — Иосиф Виссарионович Сталин жолдастың үлкен портреттері ілінген. Комбинаттың қызметкерлері, жұмысшылары қызыл мүйіске қаралы митингіге жыйнала бастады. Олардың жүзтерінен ауыр қайғының белгілері сезіледі.

Қаралы митингіні комбинат партия ұйымының секретары Черепанов жолдас ашып былай деді:

—Өлім арамыздан жалынды революционер, Ленинмен бірге совет өкметін орнатушы, Лениннің ісін бұлжытпай алға апарушы Совет Одағы Коммунистік партиясының, совет халқының, дүние жүзі еңбекшілерінің көсемі —Иосиф Виссарионович Сталин жолдасты алып кетті. Бұл ең ауыр қаза. Сталин жолдастың дана башылығының арқасында еліміз гүлденіп, көркейіп

## Отанымызға Сталинше қызмет етейік

Чайковский мен Бетховеннің адамның, бой-жүйесін жасытып, ойды толқитқан азалы күйлерінің ауыр сазымен аралас радио қайғылы хабарды жеткізді. Коммунистік партия мен Совет халқы өзінің ең сүйіктісінен, ең қымбаттысынан —қанды майдандағы жеңістерімен қажырлы еңбектегі табыстарын ұйымдастырушы ұлы көсемінен айрылды. Жүректі төрбейтті, жанды жеген ауыр хабар қала еңбекшілерін қатты қайғыға душар етті. Орны толмас ауыр қазаны азалаған адамдардың қайғылы қабақтары мен жас толған көздері, онысы да қаралы тулар мен портреттерден қайғы құшағында тұрған қаланың азасын ауырлата түсуде.

Әрбір адамның жүректерінен махаббат-бой орын алған дана ақыл мен жалынды жүрек иесі ұлы адам қайтыс болды. Өзінің саналы өмірі мен қажымас қайратын төс бір ғана мақсатқа —халық мүддесіне жұмсаған адамның арамыздан кетуі Совет халқы мен дүние жүзінің прогресшіл адам баласы сияқты Петропавлдағы педагогикалық училищенің оқытушы-студенттер коллективінде қалың қайғының құшағына алды.

Педагогикалық училище коллективінің қаралы митингісін училищенің оқу ісін басқарушы Зипанда Дегтяренко жолдас ашты. Училище директоры Мединана Советтер Одағы Коммунистік партиясы Ор-

талық Комитетінің, ССРО Министрлер Советінің, ССРО Жоғарғы Советі Президиумының Сталин жолдастың қайтыс болғандығы туралы хабарын оқыды. Ол хабарды митингіге қатысушылар ауыр үнсіздікпен тыңдады. Олардың қабақтарында ауыр қазаға күйінген қайғы іздері айқын көрінеді.

Мінбеде Ольга Чурунова жолдас. —Өз өмірін өлмес іске арнаған адам өлді дегенге сену қиын, —дейді ол, толқынға дауыспен. —Біздің барлық жеңістеріміз бен табыстарымызды ұйымдастырушы, оған дем беруші дана, көсем, ұлы қолбасшы Сталин жолдастың мезгілсіз қазаға ұшырауы біздер үшін орны толмас ауыр қаза. Адам бақыты үшін ең көп еңбек сіңірген ұлы адамның жарқын образы біздің жүрегімізде мәңгі сақталады.

—Бізді бақытты, қызықты өмірге жеткізген ұлы көсемнің мезгілсіз өлімі біздің жанмызға ауыр батып, қабырғамызды қайыстыруда, —деп басталы өзінің сөзін оқу оғаты, II-курс студенті Валентина Тыщенко. —Өзінің дана башысынан айрылған Орталық партия Комитеті мен Совет Үкметінің қайғысына біз ортақпыз. Ауыр қайғы біздерді қатты қыбиалтуда, бірақ, біздер, совет жастары, ұлы көсемнің өлімі үстінде ол көрсеткен жолдан таймауға, Ленин—Сталин ісі үшін жалынды күрескер болуға, еліміздің саналы өмірімізді халық мүддесіне арнауға ерт береміз.

—Өкөміз, көсеміміз Сталин жолдастың ауыр науқастан кейін қаза болуы, —деді комсомолка Каргаполова жолдас, — біздер

өсті, Совет халқының барлық табысы Сталин жолдастың есімімен тығыз байланысты. Ол бізді жаңа жеңістерге рухтандырып отырды. Сондықтан да біз Сталин жолдасты жүрегімізде мәңгі сақтаймыз.

—Сталин жолдас қайтыс болды деген хабар, —деді комбинаттың мінсіз жоғары саналы өнім шығаратын бригадасының бригадирі Добрянин жолдас, —біз үшін— совет халқы үшін орны толмайтын қаза. Мен Ұлы Отан соғысы кезінде Москва түбіндегі соғысқа қатыстым. Жау қоршуды, қыстың ызғарлы бораны мен аязы, үздіксіз жауып тұрған оқтар бізді мойыға алмады. Өйткені, бүкіл партиямыз, оның башысы Сталин бізбен бірге болды. Иосиф Виссарионович Сталин жолдастың есімі, оның жалынды сөздері мен ісі жауды талқандауымызға жігерлендіріп отырды. Советтік Отанымыз үшін Сталин жолдасты еңбек етейік. Оның жарқын бейнесі біздің есімізде мәңгі қалады.

Мен басқарған бригаданың коллективі еңбек өнімділігін еселеп арттырып, өнім сапасын үнемі жақсартып келеді. Бригада коллективі атынан 28 мартқа дейін төқсандық тапсырманы 102 процент орындауға, өзінің сапасын 97 балға дейін жеткізуге міндеттеніп, 5 мың сом мемлекет қаржысын үнемдеуге ерт беремін.

—Өкөміз, көсеміміз Сталин жолдастың ауыр науқастан кейін қаза болуы, —деді комсомолка Каргаполова жолдас, — біздер үшін, совет жастары үшін ең ауыр қаза. Сталин жолдас совет жастарының сүйікті ақылгөйі, қамқоршысы, ұстазы, сүйіктісі болды. Сталин жолдас жастарды сүйді, бағалады, олардың оқып білім алуына, мәдениеті өмір сүруіне әкелік қамқорлық көрсетіп отырды. Жастардың тілегі мен қалағанын біліп тұрды. Сталин жолдас жастарға өзінің терең теориялық білімін, қалың бұқараны ұйымдастырушы революционердің мол тәжірибесін үйретті, жас ұрпақты социалистік Отанға шексіз берілген, коммунистік рухта төрбейледі. Міне, сондықтан біз, жастар Сталин үшін үнемі қажырдылықпен еңбек етеміз. Біз қала еңбекшілеріне күнделікті тағам —нан дайындап беріп отырамыз. Сондықтан біз аруақытта қырағы болуымыз керек. Өкөміз, Сталин бізді осыған үйретті.

Басқа да шығып сөйлеушілер Сталин үшін қатты қайғыратындықтарын білдірді. Олар өндірісте бұрынғыдан да қажырлы еңбек ете беретіндіктерін, Сталиннің ісі үшін жан-тәнін аямайтындықтарын, сөйтіп, Коммунистік партия мен Совет Үкметінің төңірігіне бұрынғыдан да топтана түсетіндіктерін айтты.

Қаралы митингіге қатысушылар Нан комбинаты бойынша 28 мартқа дейін төқсандық тапсырманы 100 процент орындауға, өнім сапасын мейлінше жақсартуға, 50 мың сом мемлекет қаржысын үнемдеуге міндеттенді.

Студент Укібаев өзінің сөзінде митингіге қатысушылардың жүрек сырын білдіріп, былай деді:

—Ұлы көсемнің жасап кеткен жолы мен ісі мәңгі өлмейді. Оның сөзі мен ісі совет халқымен бірге өмір сүреді. Сондықтан да ұлы Сталин мәңгі өлмек емес.

Шын жүректен беріле айтылған бұл сөз Францияның ұлы жазушысы Апри Барбюстың мына сөзін еріксіз еске түсіреді:

«Әдетте, адам өлгеннен кейін жер қойнында ғана қалады. Ал, Ленин революционерлермен бірге барлық жерде өмір сүреді. Бірақ, Лениннің ақыл-ойы мен дерін Сталиндей өз бойына терең сіңірген адам жоқ деуге болады. Сталин—бүгінгі Ленин.

...Оның тулғасы Европа мен Азияда, өткен заманалар мен болашақтан асып тұр. Ол дүние жүзіндегі —асқан атақты адам, дара туған данышпан».

Митингіге қатысушылар Сталин жолдастың қайтыс болуына байланысты өздерінің шексіз қайғыларын білдіріп СОКП Орталық Комитеті, ССРО Министрлер Советі және ССРО Жоғарғы Советі Президиумына хат қабылдап, училищенің оқу-тәрбие жұмысын бұрынғыдан да жақсартуға, Отанға Сталинше қызмет етуге ерт берді.

Редактор Ф. МҰХАМЕДЖАНОВ.